



КҮЙ АТАСЫ – ҚҰРМАНҒАЗЫ

Күй – қазақтың ежелден келе жатқан музыкалық жанры. Ертеде аспапты және вокалды саз өнерінің бірігуінен “күй” сөзі пайда болса керек. Қазір де көптеген түркітілдес халықтарда “күй” деп аспапты музыка мен сазды айтады.

Күй қазақ халқының өмірімен біте қайнасып, ғасырлар бойы дамып келеді. Қазақ саз өнерінде күйдің түрі жүздеп саналады. Олар бүгінгі күнге дейін ноталық білімнің болмауына байланысты ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп отырған. Бұндай жағдайда, әрине, жүздеген, мүмкін, мыңдаған күйлер қазақ тарихының қатпарларында қалып қоюы да мүмкін.

Өздерінің саны мен сапасы жағынан қазақ күйлері – мақтануға тұрарлық дүниелер. Күйлердің мазмұны мен тақырыптары олардың шынайы өмірден алынғанын бейнелеп, қоғамдық әлеуметтік мәселелерге байланысты туындағанын айғақтайды. Қазақ күйшілері айналадағы дүниенің барлығын: табиғатты, тұрмысты, адами және қоғамдық қатынастарды жырлай отырып, өз заманының образының үлкен бір галереясын жасады.

Қазақтың күй өнері дегенде Құрманғазының алатын орны ерекше. Ұлы күйші, дарынды сазгер Құрманғазы Атырау облысы Теніз ауданы Жиделі деген жерде 1823 жылы туған. Әкесі Сағырбай он екі ата Байұлының ішіндегі Қызылғұрт руынан шыққан, бүкіл өмірін байлардың малын бағумен өткізген адам болса, Құрманғазының анасы Алқа елге сыйлы, еті тірі Мәтігүл деген кісінің бұла өскен ерке қызы болған екен. Жасынан өнердің қадірін біліп өскен Алқа тұңғыш ұлының бойындағы ұлы дарынды жүрегімен сезінді. Сол кезде Бөкей хандығына атағы жайылған Ұзақ деген дәулескер күйші болса керек. Туып өскен жері Жайықтың шығыс жақ беті болғанымен, Ұзақ домбырашылық дәстүрде

Бөкей жағына бейім болады. Ұзақ қартайған шағында ел аралап жүріп Сағырбай қоңсы қонып отырған Шағбала байдың ауылына келеді. Ауылда күйші бала бар дегенді естіген қария ат маңдайын

Сағырбайдың қоңыр үйіне тірейді. Ұзақтың күйін тыңдауға көптен құмартып жүрген Алқа қадірлі қонаққа қолдан келген құрметін көрсетеді. Күй кешіне жиналған халық Сағырбайдың төрт қанат үйіне лық толады. Ауыл адамдары тарап, өзді-өзі қалған кезде Ұзақ Құрманғазыға домбыра тарттырады. Жас талапкердің домбыра тартқанына сүйсінген қарт күйші болашақ үлкен дарын иесінің табиғи талантын бірден аңғарып, ақ батасын береді.

Құрманғазы он алтыға толған шағында, оң-солын тани бастайды. Ел ішіндегі әділетсіздікті аңғарып, байлардың озбырлығына, зорлық-зомбылығына мойынсұнып, ертелі-кеш қой соңында салпаңдап жүре беретін көп кедейдің бірі емес екендігін табиғат берген алып күшімен, ешкімнен қаймықпайтын батылдығымен, ойындағысын бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын өткірлігімен таныта бастайды.

XIX ғасырдың отызыншы жылдарының аяқ кезінде Бөкей хандығында Исатай мен Махамбеттер бастаған шаруалар көтерілісіне арнап Құрманғазының алғашқы творчестволық дәуіріне жататын күйінің бірі “Кішкентай” дүниеге келеді. Ол күйді Құрманғазы “кішкене інісінің үлкен ағасы Исатайға арнауы” депті. Осы дәуір күйлерінің бірі – “Ұзақ Ақжелең”. Дина Нұрпейісованың айтуынша, бұл күй Құрманғазының Ұзақ ұстазына арнаған күйі екен. Күйшінің “Балбырауын” күйі – жастардың ойын-сауығына арналған шығарма. Құрманғазының пәрменді күйлерінің бірі – көпке аты мәлім “Адай”. “Адай” – Құрманғазының ірі шығармаларының бірі. Онда заманның алдын ораған көреген көз, өткір тіл бар. Әдебиет дүниесінен үлгі алар болсақ “Адай” күйінде Махамбеттің жалынды поэзиясының кейпі бар деп айта аламыз. Ал “Қайран шешем” Құрманғазының Орал түрмесінде жатқанда шешесіне арнап шығарған күйі. Күй қапастағы халді суреттегендей баяу басталады. Әлден кейін жарқ егіп тұрған айдай жарқын кейіпке көшеді. Күйден әсерленіп, қызынып, шапқан аттың алыстағы сарыны

естілгендей болады. Бұл сәт алдынан үміт күткен адам кейпін бейнелейді. Сондай-ақ осы сапарда Құрманғазының “Түрмеден қашқан” күйі шығады.

1850 жылдардың ортасында Құрманғазы Жем өзенін кесіп өтіп, Төремұрат, Нарынбай, Өтен деген батырларға қарай маңдай түзейді. Осы сапарда күйші “Бозқаңғыр”, “Төремұрат”, “Аксақ киік”, “Балқаймақ”, “Не кричи, не шуми”, “Перовский марш” күйлерін шығарады. Құрманғазының бұл кезеңдегі шығарған күйлерінің ішіндегі ірілері – “Кісен ашқан”, “Қызыл қайың”, “Машина”. “Кісен ашқан” басынан аяғына дейін

орнықты, жәй орындалатын күй, күйде мол трагедиямен қатар, үлкен жігер мен халықтың үні бар. “Қызыл қайың” күйі қайың образындағы туған жерінің өз ұлына деген жылылығын көрсетеді. Құрманғазының “Машина” күйі қала өмірінің суретін береді. Алпысыншы жылдардың аяқ кезінде елде жүрген Құрманғазыны “елге зиянды адам” деп Үркітке жер аударады. Сібірге бара жатқан жолда ол “Бозшолақ”, “Арба соққан” деген күйлерін шығарады. Үркітте аз уақыт болып, Құрманғазы одан қашып кетеді. Қайту сапарында Сарыарқаны, Алатауды басып өтеді. Сол жолы атақты “Сарыарқа”, “Алатау”

күйлері жарық көреді. Жетпісінші жылдардың аяқ кезінде бір старшын Құрманғазыға қағаз әкеліп береді. Ол Астрахань генерал-губернаторы кеңесінің шақыру қағазы болады. Құрманғазы біраз ойланып, бармауға қорықты деп айтар деп жолға жиналады. Жүрерінде: “Жамағат, жасым болса келді, енді пәлеге кездессем құтыла алам ба, кім біледі, шалыңның қоштасуын тартып кетейін, мына пәбескі тағы келді ғой” деп бір күй тартады. Ол күйі “Пәбескі” атанап кетеді.

1888 жылдары Құрманғазы Бекетай құмына барып, Динаны көреді. Бұл ардақты шәкіртін соңғы көруі болатын. Бекетайда бірнеше күн болып “Соқыр Есжан”, “Байжұма”, “Түркеш” күйлерінің түпнұсқаларын Динадан алып қайтады. Сол сапардан келген соң өзі “Байжұма”, “Терісқақпай”

күйлерін шығарып шәкірттеріне үйретеді. Құрманғазының “Саранжап” күйі осы сапарда шыққан күй. Бұл күй түрмеде бірге болған қалмақ батыры Саранжапқа арналған.

Жайық өзенінің сол жақ бетінде өскен ақын Қашаған осы бір кезде Орда жаққа барып, Қиғаш, Бозаң бойларын аралап, Сахмаға барып күйшіге кездеседі. Қашаған Атырауды жағалай шығып, көп халықты қырып кеткен апатты образға алып, еңбекші халықтың ауыр халін суреттеген “Көбік шашқан” поэмасын айтып береді. Бұл жағдай күйшіні тебірентіп, поэма негізінде тағы бір күй шығады. Күйді “Көбік шашқан” деп атайды.

Құрманғазы өмірінің соңғы кездерінде “Демалыс”, “Итог” атты күйлері туындайды.

Құрманғазы мұрасын бізге жеткізушілер көп-ақ. Солардың ішінде алдымен ауызға алынатыны – Дина күйші. Құрманғазы шәкірттері ішінде Динадан кейінгі ірі тұлға – Ерғали Есжанов. Құрманғазы мұрасын біздің заманымызға жеткізушілердің ішіндегілер – күйшінің алдын көрген Меңдіғали мен оның ұлы Қисмет және шәкірті Ғатау Ібішев, кешегі Меңетай

күйші, оның шәкірті Ишанғали Жанқановтар.

1880 жылдардың аяғында ұлы күйші Астрахань маңындағы Сахма деген жерге біржолата қоныс аударады. Атақты күйші 1897 жылы Астрахань облысының Володар ауданындағы Алтынжар селосында дүниеден озады.

1959 жылы Алтынжарда Құрманғазы қабірінің басына мәрмәр ескерткіш орнатылады.

Құрманғазы және оның шәкірттері Дина, Ерғали күйлерін халық арасына насихаттаушы музыкалық ұжымдар – Құрманғазы атындағы қазақтың академиялық халық аспаптар оркестрі және Дина Нұрпейісова атындағы Атырау калалық халық аспаптар оркестрі, Атырау облыстық филармонияның “Нарын” оркестрі, Құрманғазы аудандық ұлттық аспаптар оркестрі.



1986 жылы Алтынжар селосында күй атасы Құрманғазының мұражай ғимараты салынып, оның алғашқы есік ашуы Астрахань және Атырау облыстары халықтарының ортақ тойына айналды. 1993 жылдың қыркүйек айында айбынды Алтынжарда ұлы күйшінің туғанына 170 жыл толуы тарихта қаларлықтай дәрежеде тойланды. Ал 1996 жылының қазан айында тек Еділ өңірінің емес бүкіл қазақ халқының тарихында мәңгілік сақталып қалатын күн болды. Күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлы бейіті басына көрікті кесене салынып, оның ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, Ресей Федерациясының сол кездегі премьер-министрі Виктор Степанович Черномырдин, Астрахань облысының губернаторы Анатолий Петрович Гужбин, Атырау облысының әкімі Равиль Шырдабаев қатысты.

Қазақ тарихында, мәдениетінде Құрманғазы бабамыздың алатын орнын, өнегесін білмейтін адам жоқтың қасы. Өйткені күй өнері тек қана біздің қазағымызға, ұлтымызға тән өнер. Ал

Құрманғазы сан ғасырда біртуар құбылыс. Ол – күдірет. Осыған орай И. Савичев: “Сағырбаев сирек кездесетін музыкалық жан, ол Еуропалық білім алған болса, музыка дүниесінде ең үлкен жұлдыз болған болар еді”,- деп жазған кезінде. Құрманғазы өмірін, өнерін зерттеп, оның ұрпақтары мен шәкірттерінің өмірін, өнер жолын халыққа таныстырып, насихаттаған материалдар баспасөз беттерінде көптеп жарық көруде. Күйші баба жөніндегі мәліметтерді, оның туындыларын насихаттауда мәдениет ошақтары көптеген шараларды жүзеге асырып келеді.

Тағдырдың ең бір қиын бұраландарында халқының бойына қуат берген, жігерін жанумен болған Құрманғазы күйлері келер ғасырлардағы толқын-толқын талай ұрпаққа ата-бабаларының мұны мен шерін, арманы мен рухын ұмыттырмай, үнемі құлағына құюмен болары анық. Жер бетінде Қазақ елі тұрғанда, осынау мәңгілік сарын да ешуақытта үзілмейді.

Мақала ашық дерек көздерінен алынған материалдар негізінде жазылған.